



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жастарға арналған баспана

Астанада «Елорда жастары» бағдарламасына өтінім қабылдау басталады. Жеңілдетілген несие 35 жасқа дейінгі мұғалімдер, дәрігерлер, журналистер, мәдениет, спорт, әлеуметтік және коммуналдық қызметкерлерге беріледі. Ол үшін жастар құжаттарын биыл 1-6 ақпан аралығында өткізуге тиіс. Ілкімді істің талап-ережесі қандай?

Бағдарлама «Отбасы банк» АҚ арқылы елордада бастапқы немесе қайталама нарықта пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Өтінімдерді қабылдау электронды түрде [birge.astana.kz](http://birge.astana.kz) порталы арқылы жүзеге асырылады. Алайда банк небәрі 80 несие ғана береді. Шарт бойынша қарыздың ең жоғары сомасы – 18 млн теңге. Бастапқы жарна – 10, қарыз бойынша мөлшерлемесі – жылдық 5 пайыз. Ал

майды. Яғни бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан аумағы бойынша кейінгі 5 (бес) жыл ішінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйдің, сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйдің немесе меншік құқығымен тұрғын үйдің (ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі, өтінішке енгізілетін отбасының басқа мүшелерімен бірлесіп ортақ үлестік меншік) болмауы маңызды. Отбасының әрбір мүшесіне кейінгі 6 ай үшін еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды есепке алмағанда) ең төменгі күнкөріс деңгейінің 6 еселенген шамасына дейінгі кірісінің болуы (260 442 теңге) да ескеріледі», деді Астана қала-



несиелеу мерзімі–25 жылға дейін.

«Қатысушы Астана қаласында кем дегенде кейінгі бір жыл ішінде тұрақты тіркеуде болуы қажет. Әрі өтініш беру сәтіндегі қатысушының таңдалған саладағы ресми жұмыс өтілі кейінгі бір жылдан кем болмауға тиіс. «Отбасы банкінде» сатып алатын баспана құнының 10 пайызы, яғни 1 млн 800 мың теңге алғашқы жарнасы бар депозиті болуы керек. Өз атында баспанасы барлар бағдарламаға қатыса ал-

сы әкімдігі баспасөз хатшысы Ақмарал Олжабаева.

Қатысушыларды іріктеу ең жоғары балдан ең төмен балға есептеуді пайдалана отырып жүргізілмекші. Мәселен, таңдалған саладағы жұмыс өтілінің толық 1 жылы – 5 балл, толық емес жылы – 3 балл. Ескере кететіні, өтініш берушіде немесе жолдасы немесе жұбайында I, II, III топтағы немесе балаларда мүгедектіктің болуына 10 балл қосылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өтті. Мемлекет басшысы ел аумағының үштен бір бөлігінде жер сілкінісі қаупі бар екенін айтты.

Сейсмологиялық станциялар соңғы 5 жылда 45 мыңнан астам дүмпу жағдайын тіркеген. Оның көбі – төмен балдық жер сілкінісі.

«Бірақ, ашығын айту керек, Алматыда болған төтенше жағдай кезінде тиісті органдар шұғыл әрекет етуге толық дайын болған жоқ. Ал қала тұрғындары не істерін білмей, абдырап қалды. Дегенмен бұл жиынның басты мақсаты – сын айту емес, нақты шешімдер қабылдау. Мысалы, жұрттың көпшілігінде «төтенше жағдайға қажетті чедодан» да жоқ болып шықты. Тиісті оқу-үйрету шаралары мектептен, тіпті балабақшадан басталуы керек. Бұрын Алматыда



## Мемлекет басшысы сейсмикалық қауіпсіздік мәселелері жөнінде кеңес өткізді

осындай тәжірибе болған. Соны қайта жаңғырту қажет. Себебі қазір азаматтарды төтенше жағдайға дайындау жүйесі талапқа сай емес. Құзырлы органдар халыққа жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізуге тиіс. Оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде тұрақты жаттығу өткізіп тұру қажет. Бұл – өте маңызды. Осы жұмысты дереу қолға алу керек», деді Президент.

Мемлекет басшысы инфрақұрылымдардың халықты эвакуациялауға дайындығына және құлақтандыру жүйесіне қатысты мәселеге ерекше назар аударды.

«Дабыл қосылмады. Бұл дұрыс шешім болды. Әйтпесе, қалада дүрбелең туындайтын еді. Бірақ халықты басқа байланыс арналары арқылы хабардар ету қажет болатын. Құлақтандыру бірнеше негізгі міндетті шешуі керек. Олардың қайсысын бұрын қолдану керектігі қауіп-қатердің ауқымына байланысты. Алайда қолданыстағы алго-

ритмдерде бұл ескерілмейді. Қатты жер сілкінісі кезінде адамдарды зілзаланың физикалық сипаттамалары мен эпицентрі туралы ақпарат қызықтырмайды. Олар табиғат апатының қаншалықты жойқын екенін онсыз да сезінді. Мұндай сәтте, ең бастысы, тұрғындарды әрі қарай қалай әрекет ету жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды. Азаматтар «Үйге оралуға бола ма?», «Қайдан көмек алуға болады?» деген сауалдарға жауап алуы керек. Сондықтан құлақтандыру жүйесін қайта қарап, оны барынша нақты қажеттілікке бейімдеу қажет. Техникалық құралдар ақпараттың әр адамға уақытылы жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл жолы SMS-хабарламалар тым кеш келді. Сондай-ақ дүмпу кезінде байбалам салып, жалған ақпарат таратқандар болды. Жұртты әдейі дүрліктірген адамдарды заңға сәйкес жазаға тарту қажет», деді Президент.

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: Жұмыс бағыттары айқындалды

Астанада Ұлттық құрылтай жұмыс секцияларының отырыстары өтті. Іс-шара барысында Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтай жұмысының негізгі бағыттары жөнінде Президенттің 3 қаңтарда «Egemen Qazaqstan» газетіндегі сұхбатында айтылғанын атап өтті. Сондай-ақ осы консультативтік-кеңесші органның қызметі аясында Мемлекет басшысы көтерген бастамалардың жүзеге асырылу барысына қысқаша тоқталды.

Атап айтқанда, Мемлекеттік кеңесші Президенттің Шығыс Қазақстан облысы мен Абай облысында жаңа аудандарды қалпына келтіруге және құруға, өңірлік рәміздерді реттеуге, сондай-ақ «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-му-

зейіне «Ұлттық» мәртебе беруге, «Балалар кітапханасы» жобасына қатысты бастамалары жүзеге асырылғанын ерекше атап өтті.

Ерлан Қарин заң мен тәртіп қағидаттарын бекіту және ілгерілету жұмыстарының қоғамдық маңызы зор екеніне назар аударды. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау, Нашарлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы заң жобасын әзірлеу, Парламент Мәжілісінің вейптерді елімізге әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу туралы заң жобасын қабылдауы осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың аясына кіреді.

Іс-шара аясында бір мез-

гілде «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым», сондай-ақ «Әлеуметтік-экономикалық даму» секцияларының жұмыс отырыстары өтті.

Секциялардың жұмысы барысында мемлекеттік органдар Ұлттық құрылтай мүшелерінің бұған дейін айтқан ұсыныстарына орай пікір білдірді. Сондай-ақ қоғамның бірлігін нығайтуға, қоғамдық тәртіп пен заңдылықтың сақталуына, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жаңа ұсыныстар талқыланды.

Ұлттық құрылтай хатшылығы жиын барысында көтерілген бастамаларды жинақтап, мұқият зерделейді.

Қазір көктемде Атырауда өтетін Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Таукент кенті әкіміне кандидаттарды  
ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ  
(2024 жылғы 18 ақпандағы сайлау)

2024 жылғы 28 қаңтар сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны	Ұсыну тәсілі
Әділбеков Мұхтар Бижігітұлы	1991 жыл	<b>Таукент кенті бойынша</b> Бас маман ауылшаруашылығы жөніндегі. Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі	өзін-өзі ұсынуымен
Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы	1990 жыл	Директор. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Созақ аудандық мансап орталығы» филиалы	“АМАН-АТ” партиясы
Сыздық Ақжол Шәріпұлы	1990 жыл	Бас маман әлеуметтік мәселелер жөніндегі. “Созақ ауданы Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-сі.	өзін-өзі ұсынуымен

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## 2024 жылдың 18 ақпанына тағайындалған Таукент кенті әкімі лауазымына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары және сайлаушылармен кездесу кестесі

Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
Таукент кенті	29.01.2024 сағ. 10:00	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Таукент кенті	29.01.2024 сағ. 12:00	Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Таукент кенті	29.01.2024 сағ. 15:00	Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің “Мыңжылқы” Мәдениет сарайы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Таукент кенті мәдениет үйі

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

қ/с	Белгіленген орындар
1	Таукент кенті, 1 ықшамауданы, 31, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
2	Таукент кенті, Ісмет Кеңесбаев көшесі, 136, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында
3	Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі, № 135, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанында

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

## Қаламы қарымды қаламгер



Жазушы, аудармашы, Жақсылық Түменбаевтың туғанына 80 жыл толуына орай оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінде «Қаламы қарымды қаламгер» атты кітап көрмесі жасалып, қаламгердің өмірбаяны мен шығармашылық әлемі жайлы кітапхана оқырмандарына насихат жұмыстары жүргізілді.

Шараның мақсаты жазушының шығармаларымен оқырмандарды таныстыру, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Сүйінші!

## Жерлес жас жазушы Президент сыйлығының иегері!

Жерлесіміз, жас жазушы, кешегі Теріскейдің талантты тұлғалары Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменовтердің ізін жалғап келе жатқан Досхан Жылқыбай «Квант» еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт



Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген «Қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттік арнаулы әдеби сыйлығының иегері» болды!

Шығармашылық шабытың шарықтап, Созақтың ғана емес, қазақтың атын шығара бер!

## ШАРУАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СЕМИНАР-КЕҢЕС

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша заңнамалардың тиісті нормаларына түсіндірме жасау жөнінде семинар-кеңес өтті. Жиын-

енгізілген) негізгі нормаларын түсіндірсе, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заң талаптары жөнінде облыстық аумақтық инспекциясының бас маманы Құралбай Байдалиев баяндады. Сондай-ақ аудан аумағындағы фитосанитари-



ды аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүргізіп отырды.

Семинар-кеңеске Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Равиль Түлебаев, агросаланың ғалым-мамандары, аудандық аумақтық инспекцияның басшылары мен салаға жауапты мамандар және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Басқосуда Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау бөлімінің басшысы Нұрман Бигелов Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3-шілдедегі Заңының (өзгерістер мен толықтырулар

жялық ахуал, аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың алдын алу бойынша Созақ аудандық филиалының фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының басшысы Мұхтар Қуандықов хабарлады.

Кеңесте аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша бірқатар ұтымды ұсыныстарды ортаға салып, Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Равиль Түлебаев жиынды қорытындылады. Шаруалар сала мамандарына өздерін толғандырған сауалдарын жолдап, өз пікірлерін білдірді.



Жас жеткіншектерді тәрбиелеу-педагогтарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Бүгінгі бала ертеңгі еліміздің болашағы. Сондықтан бұл іске барынша аса ыждағаттылықпен қараған абзал. Міне осындай мақсатты бірінші кезекке қойып, шәкірттеріне саналы тәрбие, сапалы білім негізін үйретіп, ерінбей еңбек етіп жүрген ұстаздар ауданымызда көптеп саналады. Солардың қатарынан Бекпенбетова Гүлшара Амалбекқызын көреміз.

Ол 1963 жылы 1 ақпанда Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Орта мектепті сол кездегі М.И.Калинин атындағы орта мектепте тәмамдаған. Әуелі Түркістан педагогикалық училищесін сосын Шымкент қаласындағы Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің мектепке дейінгі тәрбие факультетінде оқыған. Педагог-модератор.

Бала жанының бағбаны ретінде балабақша балаларын тәрбиелеуде өз ісіне шынайы берілген ұстаз.



тәрбиені үйретуде апайымыз алдына жан салмайды. Барлық уақытта балалардың бәрімен ерінбей-жалықпай жұмыс жүргізу- ол кісі үшін үйреншікті дағдыға айналған. Апайдың көп жылғы тәжірибесі әріптестеріне үлкен мектеп десем артық мақтағандық емес.

Сол жылдар бойы жинақтаған педагогикалық тәжірибесін мерзімдік баспасөз беттерінде де жариялап, әріптестеріне үлгі ретінде ұсынған.

Педагогтар жанұясының шырайын кіргізіп, әріптестерінің де құрметіне бөленіп жүрген апайымызды алда келе жатқан туған күнімен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілеймін,-деді.

Гүлшара Бекпенбетованың «Қанатты достар» деп аталатын сабағына қатысып, көңілге ойлар түйдік. Бұл сабағында ол балаларды қоршаған ортамен таныстырды. Содан кейін «Экология негіздері» оқулық әдістемелік кітабымен, «Бастауыш мектеп, биология анықтамалығы, Биология сауаттылық негіздері» журналдары

талы. Кіп-кішкентай болсада олар өнерге, сабақ оқуға өте бейім. Өйткені оларды тәрбиешілерді білім табалдырығын аттаған күннен бастап дағдыландырып үйретеді. Және де балаларымыз бала бақшаға баруға асығып тұрады. Себебі апайларының әрбір күні балаларды шат көңілмен қарсы алумен басталады. Тәжірибелі тәрбиешінің әрбір сабағы, ертеңгілігі қызықты өтеді. Талай ертеңгіліктерге қатыстық. Барлығы да ата-аналар мен балғын бөбектерге ұнап, қатысушылардың көңілінен шығып келеді.

Жалпы Гүлшара апайға ата-аналар әуақытта да дән ризамыз. Ол кісі тәрбие мен білімді шебер үйлестіре біледі. Соондықтан болар әрбір сабағы мен ертеңгілігі біздің көңілімізден шығады,-деді.

Иә, айтса айтқандай Гүлшара Амалбекқызы ұжымға да, ата-аналарға да, өзі білім нәрін беріп жүрген шәкірттеріне де сыйлы тәрбиеші.

Көп жылдар бойы еткен еңбегінің

# ТӘЖІРИБЕЛІ ТӘРБИЕШІ

Гүлшара Амалбекқызы өзінің көп жылдар бойы еткен еңбегінің жемісін көріп келе жатқан педагог ретінде былайша ой ербтті: «Бала әрбір отбасының, ата-ананың өмірінің жалғасы, үкілі үміті мен асыл арманын болашаққа жеткізушісі. Балалар біздің ұлтымыздың ұлы мұраттарын жалғастырушы. Ұлттық сана мен қасиеттерді бала бойына сіңіру-бүгінгі тәрбиешілердің негізгі міндеті. Отбасы ошақтың үш тағаны сияқты. Олар әке-ана, бала үшеуі бір отбасының берекесі бола біледі.

Халық даналығы «Тамшыдан теңіз, сабақтан мая, дәннен төбе» дейді. Тамаша педагог А.С.Макаренко бес жасқа дейін дұрыс тәрбие көрмеген баланы кейін қайта тәрбиелеу керектігін, бірақ ол әлдеқайда қиындық тудыратындығын айтқан. Ержеткен бала қайта сәби болмайды, сондықтан тәрбиені жастайынан беру қажет,-деп түйіндеді.

Иә, шын мәнінде мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысу-оңай шаруа емес. Гүлшара аудан орталығындағы «Ерестік» бала бақшасында көп жылдардан бері тәрбиеші болып қызмет атқарып келеді. Осынау мерзім ішінде ол бүлдіршіндерді тәрбиелеуде педагогикалық тәжірибесін, біліктілігін барынша пайдаланып, талай баланы тәрбиелеп, қанаттандырды.

Балапан сияқты білім ұясын имен атаған шәкірттер тәрбиешілерінің ыстық алақаны мен жүрек жылуын сезініп, ұлттық тәрбиенің негізін бойларына сіңіруде.

Балалармен түрлі тақырыптарда ертеңгілік өткізуде тәжірибелі тәрбиеші көп ізденеді. Кей күндері түнімен отырып, көрнекіліктер жасап, қалай болғанда да өткізілетін шаралардың мәнді де мазмұнды болғанына барынша көңіл бөледі. Әрине әрбір тәрбиелік мақсатта өткізілетін шаралардың шәкірт санасына әсер ететіндей болғанын назарда ұстау- оның басты мақсаты.

Бала жүрегінің лүпілін сезініп, оның талғамын, нәп-нәзік қолдарымен жасаған ойыншықтарына баға беріп, марапаттау тәсілдерін де Гүлшара жиі қолданады.

Ол сонымен бірге ата-аналарымен де үнемі тығыз қарым-қатынаста болып, тәрбие төңірегінде көптеген келелі кеңестер жасап, жиі әңгіме өткізіп отырады.

Бала тәрбиесіндегі балабақша тәрбиешісінің әрбір күні атқаратын

жұмыстарының алатын орыны ерекше. Бұл аса ыждағаттылықты, білімді талап ететіні де рас.

**Бала бақша меңгерушісі Анар Сағындықова айтады:** -Гүлшара апай балабақшада көптен бері қызмет атқаруда. Өз ісіне шынайы берілген тәрбиеші. Балалар ол кісіні өте жақсы көреді. Өйткені апай балалардың тілін тез табады.

н, слайдтар, қосымша ақпарат көздерінен мәлімет, тірек сызбалар көрсетті.

Балаларға құстардың түрлері, тіршілік мекені, пайдасы, маңызы, оларды қорғау туралы әңгімелеу арқылы экологиялық тәрбие беру, қазақ халқының тұрмысы мен өнеріндегі құстардың рөлі мен бейнелерін ұғындырды.

арқасында құрмет пен абыройға бөленген. Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Құрмет грамотасымен мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасының қорытынды кезеңінде үздік нәтиже көрсет-



Олардың қимыл-қозғалысынан-ақ байқап, шәкірттерінің ішкі сырын ұғады. Ол кісі ұйымдастырған ертеңгіліктер үнемі қызықты әрі тартымды болып өтеді. Ата-аналарда балаларының тәрбиешілеріне дән риза. Ылғи да онымен ақылдасып-кеңесіп шаралар өткізіп келеді. Апай балабақшадағы тәрбиешілермен үнемі тәжірибесін бөлісіп, ақылдасып отыруды дағдыға айналдырған. Көптеген жаңадан еңбек жолын бастаған тәрбиешілер ол кісіден ақыл-кеңес алып, тәжірибелерін байытып келеді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші Гүлшара апай бізге іс-тәжірибесін үйретуден жалыққан емес. Ол қандай істі қолға алса да соңына дейін жеткізгенше асығады. Нағыз бала жанының бағбаны деп мінездейміз әріптестері.

Балаларға ұлттық салт-дәстүр,

Бұл арқылы ол балаларды топтасып жұмыс жасауға, бір-бірімен тіл табуға, келісімге келуге, бұрынғы білетіндерін салыстыра отырып қорытынды жасауға үйретті.

Құстардың адам өмірі мен табиғаттағы маңызы туралы білімді қалыптастырды.

Балаларды шаттың шеңберіне тұрғызып, өлең жолдарын айтқызды.

Тәрбиеші сабақ өту барысында балалардың іс-әрекетін қалыпты жұмыс істеуге, олардың оқу іс-әрекетіне дайындығын тексеруге, тәрбиеленушілерді қоршаған ортаны сүюге дағдыландыруға баса көңіл бөлді.

**Әсем Тұяқбаева Шолаққорған ауылының тұрғыны ата-ана:**

-Гүлшара апайдың тобындағы балалардың барлығы шеттерінен ын-

кені үшін марапатталса, сондай-ақ «Ең үздік тәрбиеші» төс белгісінің иегері. Сонымен қатар Республикалық Медиа білім ұйымының Алғыс хатын иеленген. Облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет грамотасын» да білім беру жүйесінде сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауда атқарған көп жылдар мүлтіксіз және белсенді еңбегі үшін иеленді. Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер төс белгісін де өңіріне қадады.

Тәжірибелі тәрбиеші отбасында өмірлік жары Мұхамедәлі Иманбеков екеуі перзенттер тәрбиелеп, өсіріп бүгінгі таңда олардың қызығына бөленіп отыр.

Сөз соңында Гүлшара Амалбекқызын зейнет жасына жеткен мерей жасымен құттықтап, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**



## Таукент кенті әкіміне үміткер Әділбеков Мұхтар Бижігітұлының сайлауалды бағдарламасы

### Қадірлі жерлестер!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл – әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан. Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамды Таукент кенті әкіміне ұсындым.

Маған сенім көрсетіп, кент әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісе, бірлесе отырып, әкім ретіндегі жұмысымның басты бағыттары төмендегіше болмақ:

### Мәдениет және спорт саласы бойынша

1. Кент тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу, таланттарға қамқорлық жасау мақсатында әр түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп тұру;

2. Кент халқын бұқаралық спортпен айналысуға қамқорлық жасау үшін спорт алаңшаларын, балалар ойын алаңдарын ашу;

3. Ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуына қамқорлық жасау. Онымен айналысатын ауыл тұрғындарын көтермелеп қолдау көрсету.

### Ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша

1. Ауылшаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарлама-



### ӨМІРБАЯН

Әділбеков Мұхтар 1991 жылы 28 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Құмкент ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары. Шымкент қаласындағы Шымкент университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы 2015-2020 ж.ж. Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-заңгері 2020-2021 ж.ж. Созақ ауданы әкімдігінің мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің бас маманы 2021 жылдан қазіргі уақытқа дейін Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының ауыл шаруашылығы жөніндегі бас маманы.

лардың кент аумағында іске асуына қолдау көрсету;

2. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

3. Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

### Жастармен жұмыс

1. Кент жастарының әлеуметтік сапасына талдау жүргізу; Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту;

2. Ауыл мәдениетін дамыту, материалдық-техникалық базасын көтеру арқылы жастардың өнер, спорт саласымен тиянақты айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, ұлттық мәдениетіміздің терең меңгеріп дамуына жағдай жасау;

Әлеуметтік сала бойынша

1. Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;

2. Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемді алуына көмек көрсету;

### Медицина саласы бойынша

1. Медицина саласын материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;

2. Кент тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттау, уақытылы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастыру;

### Тұрғын үй, коммуналдық салалар, жолдар. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту-көгалдандыру.

1. Ауыз сумен қамтамасыз етудің санитарлық талабының мұқият сақталуын қамтамасыз ету;

2. Елді мекендердің санитарлық тазалығына, көгалдандырылуына, көшелерге тас төгу, асфальттау және жарықтандырылуын, абаттандырылуын кезең-кезеңмен жоспарлау;

3. Елді мекендегі негізгі көшелерге автомобиль жолдарын және әлеуметтік нысандар орналасқан көшелерге жүргіншілер аяқ жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

4. Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің құжаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;

### Білім саласы бойынша

1. Жаңа білім беру реформасына сәйкес мектеп және мектепке дейінгі мекемелер ұжымымен тығыз жұмыс жасау, жетістіктерін қолдап, қуаттап отыру;

2. Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы байланысты нығайту; Балалар тәрбиесімен біліміне қатысты кез-келген шара кент әкімінің назарында болады.

3. Мектептермен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету.

### Құрметті сайлаушылар!

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттің дамуына, халықтың әлауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық борышым деп санаймын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

## «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНАН ТАУКЕНТ КЕНТІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ДАУЛЕТБАЕВ ЕЛДОС ОРЫНБАСАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

### КЕНТ КЕЛЕШЕГІН КЕМЕЛДЕНДІРУ-БАСТЫ МІНДЕТІМ!

#### Құрметті Таукент кентінің сайлаушылары!

Туған жер, өскен орта Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық әлауқатын жақсартуға үлес қосу үшін, халыққа қызмет етіп, көпшіліктің алғысын алуға деген оң ниетім болғасынүміт еттім де сынға түстім. Еңбек жолында жинаған тәжірибемді пайдаланып, жастық жігерімді жауапкершілігі мол қызметке арнауға бел будым.

Мен Елдос Орынбасарұлы Даулетбаев, 1990 жылы Созақ ауданында ұстаздар отбасында дүниеге келдім. Көпшілік жұмыстарға жастайымнан араласып, ауылдың тұрмыс-тіршілігін, адамдармен қарым-қатынас, қоғамдық істердегі белсенділік мәселелерін мейлінше танып өстім. Өнерлі жастардың ортасынан табылдым, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді ата-анамның тәрбиесімен бойға сіңірдім.

Алғаш жоғары білімді Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқып, технологиялық машиналар мен жабдықтар мамандығын алдым. Онан соң, Шымкент университетін экономист мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды Шымкент қаласындағы «Рауан» кірпіш зауытында сле-

сарь болып бастап, онан соң 2013 жылы Созақ аудандық Жұмыспен қамту орталығында маман, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы, директордың орынбасары, директор қызметтерін атқардым. Бүгінгі таңда Түркістан облыстық Еңбек мобильділігі орталығы КММ-нің Созақ аудандық «Мансап» орталығы филиалының директоры қызметін атқарып келемін.

Алдағы Таукент кенті әкімі сайлауына «АМАНАТ» партиясы ұсынған үміткер ретінде қатысып отырмын. Кент әкімі атқаруға тиіс жұмысты саралап, өзекті мәселелерді бағамдап, алда жүзеге асыратын жұмыстарым бойынша бағдарламамды ұсынып отырмын.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!  
Тел.: 778 945 79 88

Құрметпен, Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы!

### Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар:

-«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға, тұрғындарымен бірлесе отырып түрлі шараларды ұйымдастыруға;

-Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу жұмыстарын ұйымдастыруға;

-Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдап, жұмыссыздық деңгейін



төмендетуге, әлеуметтік көмек көрсетуге;

-2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жұмыссыз азаматтарды жастар практикасы, алғашқы жұмыс орындары, күміс жас жобасына қамтуға,

-Жастарға жылдығы 2,5 % мөлшерде жеңілдетілген несиелен қамтуға, нысаналы топтағы азаматтарды қайтарыпсыз гранттармен қамтуға;

-Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, кент жастарын рухани-патриоттық тәрбиеге баулуға;

-Таукент кентіндегі «Тоқмағанбетов»,

«Бекжанов», «Тойшыұлы», «Кеңесбаев» «Жыныс ата» көшелеріне жарықшамдар орналастыруға;

-«Көкжиек» көшесіне көше жарықшамдарын орналастыруға;

-Ш.Бекжанов көшесіне балалар ойын алаңшаларын салуға;

-Саябақтарды, орталық жолдарды көркейту-көгалдандыруға;

-Көпқабатты үйлердің қасбеттерін реттеуге;

-Қалашықтың таза әрі тұрғындар үшін жайлы болуына;

ықпал ететін.

Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, барлық мәселелерді шешу мүмкін емес. Сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-Кент жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізуге;

-Таукент кентінде тұрып, елге еңбегі сіңген тұлғаларды өскелең ұрпаққа насихаттау шараларын ұйымдастыруға;

-Кент аумағын көркейту, тазалау, абаттандыруға күшімді саламын.

### Қымбатты сайлаушылар!

Сіздерді 2024 жылдың 18 ақпан күні сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге шақырамын.

Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!

Созақ аудандық орталық кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесі 2024 жылы аталып өтілетін мерейтой иелеріне арналған «Өнер өріндегі өр тұлғалар» атты кеңейтілген кітап көрмесі өткізілді.

Кітап көрмелері бірнеше бөлімдерден құралады. Олар: «Бір ел-бір кітап» 2024 республикалық акциясына таңдалған қазақ әдебиетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкел-

## ӨНЕР ӨРІНДЕГІ ӨР ТҰЛҒАЛАР

ген қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жылдығына арналған «Берен талант Бердібек», Облыстық мәдениет және туризм басқармасының бастамасымен, Қазақстан Жазушылар Одағының Түркістан облыстық филиалы және «Фа-

раб» кітапханасының ұйғаруымен «Түркістанның таңдаулы туындысына» Ордабасы ауданының Құрметті азаматы ақын, жазушы, журналист, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Нармахан Беғалыұлына арналған «Нармахан-по-

эзияның Сүгірі» және Сарыағаш ауданының тумасы Қазақстан Жазушылар, Журналистер Одағының мүшесі ақын, журналист Мұрат Беккейге «Сырлы сөзді, өресі биік ақын» кітап көрмелері жасалды.

Шара соңында кітапханашылар жыл кітаптарын бірге оқуға шақырып, мерекелік көңіл-күйде тарқасты.

«Созақ үні»-ақпарат.



# Таукент кенті әкіміне үміткер Сыздық Ақжол Шәріпұлының сайлауалды бағдарламасы

## Құрметті - Таукент кентінің тұрғындары!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл - әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұң-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді.

Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан.

Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатураның Таукент кенті әкіміне ұсынылғандар қатарында болғаны үшін аудан әкімдігіне ризашылық білдіремін және сенімінен шығуға бар қабілетімді саламын. Себебі, жеті жылға жуық мемлекеттік органдардың, құрылымдардың түрлі салаларында жұмыс жасап жинақтаған тәжірибем - нақты салада халыққа қызмет етіп нәтижеге жетуіме мүмкіндік береді деген сенімдемін.

Таукент кентінің халқымен және жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылымдарымен таныспын.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМ

Мен үшін ең біріншіден әкім болу - дегеніміз кент тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жиған тәжірибемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жымсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Болашақ жастардың еншісінде екені берімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, кент жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануға жағдай



## ӨМІРБАЯН

Сыздық Ақжол Шәріпұлы 1990 жылы 10 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты - қазақ. Білімі жоғары. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

### Еңбек жолы

2012-2013 ж.ж. Созақ ауданы Жартытөбе ауылындағы Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебіне Жастар практикасы бойынша математика пәнінің мұғалімі.

2013-2016 ж.ж. Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар орталығы» КММ-де әдіскер маман.

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас маман.

жасау. Жастардың кентте тұрақтауына жағдай жасай отырып, кент халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жымсау.

2. Кент тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына кент жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салу.

3. Кенттің негізгі көшелерін жарықтандыру жұмыстарын және күл-қоқыс төгу полигонын жүйелеп реттеуді қолға алу.

4. Кент тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

5. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

6. Кенттегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және осы кенттен түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, кенттің мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым»

акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізу.

7. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кезкелген мекемеге кедергісіз кіріп, барлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына ықпал ету;

8. Адам үшін басты капитал - білім. Осы тұрғыда кенттегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

9. Кент тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

10. Кент тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Ауылдарда зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар емін-еркін демала алатындай саябақтардың салынып, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының ашылып, баскетбол, футбол алаңдарының салынуына ықпал жасаймын.

11. Кент аумағындағы қылмыстың алдын-

алу үшін учкелік полиция қызметкерлерімен бірге мемлекеттік орган қызметкерлерінің аты салысуына ықпал ету;

12. Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында, «Дипломмен - ауылға» жобасы арқылы кенттегі білім беру, денсаулық сақтау және т.б. салаларға қажетті мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуді қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашу.

13. Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін кент тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды қызықтық қолдау.

14. Кент тұрғындарын рухани қолдау бағытында кент кітапханасы мен мәдениет үйі жұмыстарының жандануын назарда ұстай отырып, тиісінше қолдау көрсету.

15. Кенттің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

16. Мектеп оқушыларына арнайы жаяу жүргіншілер жолын салу. Балаларға арналған ойын алаңдарын жаңарту.

17. Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбейлікті қалыптастыруға атсалысамын.

18. Осы жұмыстарды іске асыру үшін ауыл әкімінің бюджетін молайтып, оны қауымдастық жиналысымен келісе отырып тиімді жоспарлап, мақсатты жарата білу маңызды. Сондықтан ауыл әкімінің күнделікті басты жұмысы болып табылатын салық және салық емес түсімдерді көбейту, түсім көздерін іздестіру, менің тиянақты айналысатын ісім болады. Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, ауылдың өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсара түсуіне бірге қол жеткізетін боламын!

Құрметті Таукент кентінің тұрғындары! Егер мен Таукент кентінің әкімі болып сайланған жағдайда жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатта Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін!

## Жолдауға үн қосу

# Әлеуметтік Кодекстің негізгі мақсаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйек «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік салаға басты назар аударып, әлеуметтік қамсыздандыру саласы көптеген заңдармен және заңға сәйкес ондаған құқықтық актілермен реттелетіндігін және бұл реттеу ісінің күрделенуіне және оның жүйесіздігіне әкеп соқтырды. Соның салдарынан мемлекет жауапкершілігі айқындалмай, азаматтар өз құқықтарын жете түсінбей жүр.

Әлеуметтік Кодекстің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі азаматтарды әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында жаңадан Әлеуметтік Кодекс қабылданып (2023 жылдың 1 шілдесінен күшіне енді), осы негізде әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы біртектес қоғамдық қатынастарды жетілдіру және құқықтық реттеу болашақта әлеуметтік салада мемлекетіміздің негізгі бағыттары мен даму жолдарын айқындалған. Әлеуметтік саласында негізгі заңнамаларды

қалыптастыру бірінші кезекте қабылданған Әлеуметтік Кодекстің біртектес қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталғандығын байқауға болады.

Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы заңнамаларды біржүйеге кодификациялау негізінде Әлеуметтік Кодекстің негізгі мақсаты мен міндеттері айқындалды. Әлеуметтік Кодекстің негізгі бағыттары азаматтарды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қауіпті біріктіретін институттардан және осы саладағы мәселелерді шешу мақсатында жаңадан құқықтық тұрғыдан реттелетін біртектес қоғамдық қатынастарды қалыптастыруы тиіс.

Әлеуметтік саясат мемлекеттің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге, азаматтардың әл-ауқатының өсуіне, олардың өмірін жақсартуға, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмір салтын жетілдіруге байланысты әлеуметтік топтар арасындағы, жалпы қоғам мен оның мүшелері арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы ішкі саясатының бір бөлігі болып табылады. Әлеуметтік кодекс әлеуметтік құқықтық қатынастарды реттеу негіздерін белгілеуге, азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарда бекітілген әлеуметтік құқықтарын және оларды іске асыру тетігін бекітуге, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы са-



ласындағы қатынастарға қатысушылардың құқықтық жағдайын айқындауға және азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтарының туындау негіздерін, жүзеге асырылуы, өзгеру мен қорғау тәртібін реттеуге бағытталған. Әлеуметтік Кодекс ерекше бөлімі әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жекелеген институттарына-бұл зейнетақы, жәрдемақы, әлеуметтік өтемақы, міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру және көмек, атаулы нысаналы көмек, жұмыспен қамту және жұмыссыздарға берілетін жәрдемақы, жұмысқа орналыстару туралы арнайы институттарды біріктіру арқылы негізделген. Әлеуметтік Кодекстің әрбір тарауында әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін белгілеу, сондай-ақ оның элементтерін әлеуметтік қамсыздандырудың тиісті түріне құқығы бар азаматтардың санаттары, тағайындау шарттары, анықтау, белгілеу, есептеу, тағайындау мөлшері мен мерзімі, төлеу тәртібін анықталып көрсетілген.

Әлеуметтік Кодексті қабылдағаннан кейін негізгі мақсаты мен міндеттері:

-қолданыстағы әлеуметтік заңнамаларды кодификациялау және қолданыстағы біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жүйеге келтіру;

-әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттарын біріктіру;

-әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы төлементін материалдық төлемдер мен әлеуметтік көмектердің нақты түрлерін анықтау, есептеу, тағайындау және төлем мөлшерін көрсету;

ТДМ-2030 1) азаматтардың өмір сапасын арттыруға, 2) мемлекеттердің әле-

уметтік-экономикалық дамуына, 3) экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді жинағы болып табылады. ТДМ 2030 жылға дейін жетуге тиіс 17 мақсаттан, сондай-ақ, оларға байланысты 169 міндеттерден және 242 индикатордан тұрады. ТДМ үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға жетуіне жәрдемдесуге тиіс: 1) экономикалық, 2) әлеуметтік, 3) экологиялық.

Әлеуметтік Кодекстің қабылдануының негізгі мақсаты-әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және дамыту, атап айтқанда, заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкестендіру, отбасын, ана мен баланы қолдауды дамыту, азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, арнаулы әлеуметтік жүйесінде көмек менеджменттің тиімділігін, әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру, республикада әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу практикасын енгізу, қызметтердің сапасын және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру шараларының тиімділігін арттыру болып табылады.

**Ж.КАРАШЕВА,**  
эл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ заң факультетінің  
оқытушысы.

## Хабарлама

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен «Созақ үні» аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газетінің 20 қаңтар 2024 жылғы №06 (9173) санының 6 бетіне жарияланған «Шолаққорған ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының өтетін орны, күні және уақыты туралы» хабарламаның 5-ші, 6-шы қатар санындағы Теріскей, Шолаққорған елді мекендеріндегі өтетін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының өтетін орны, күні уақыты кестеге сәйкес өзгертіліп, қайта жариялансын.  
Өзгертілген мәтін кесте бойынша жалғасады.

**«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

**Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылының шағын аудандарында өтетін орны күні және уақыты**

Қ/с	Елді мекен атауы	Шағын аудан атауы	Көше атауы	Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары Өтетін орны	Өтетін күні	Өтетін уақыты
1	Шолаққорған	Наурыз	Ж.Ерімбетов	«Жастар» саябағы	13.02.2024 ж	10-00
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11	Ақшам	Ақшам	Ж.Қарғабаев	«Айшуақ» балабақшасы қасындағы Нұрлы жол көшесі бойында	13.02.2024 ж	12-00
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
21	Ақшам	Ақшам	Ә.Әшірбеков	Ә.Әшірбеков көшесі мен Д.Қонаев көшесінің қиылысы	13.02.2024 ж	15-00
22						
23						
24						
25						
26						
27						
28						
29						
30						

**Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылының көшелерінде өтетін орны, күні және уақыты**

Қ/с	Елді мекен атауы	Көше атауы	Жергілікті қоғамдастық бөлек жиындары Өтетін орны	Өтетін күні	Өтетін уақыты
1	Шолаққорған	І.Кеңесбаев	«Мөлдір су» моншасы жанында	13.02.2024 ж	17-00
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11	Ақшам (Абай саябағы айналасы)1	Қазыбек би	Қазыбек би көшесіндегі көпқабатты тұрғын үйдің ауласы	14.02.2024 ж	10-00
12					
13					
14					
15					
16					
17					
18					
19					
20					
21	Ақшам (Абай саябағы айналасы)1	Ш.Оқшиев	«Абай» саябағы	14.02.2024 ж	12-00
22					
23					
24					
25					
26					
27					
28					
29					
30					
31	Ш.Бекжанұлы 1	Ш.Бекжанұлы	Ш.Бекжанұлы көшесі мен Абылайхан көшесінің қиылысындағы алаң	14.02.2024 ж	15-00
32					
33					
34					
35					
36					
37					
38					
39					
40					
41	Ақшам (Абай саябағы айналасы)1	А.Аманжолов	«Компания Армантай» бөбеужай бақшасы ЖШС алды	14.02.2024 ж	17-00
42					
43					
44					
45					
46					
47					
48					
49					
50					
51	Ш.Бекжанұлы 2	Ш.Бекжанұлы	Орталық саябақ, бұрынғы С.Қожанов мұражайының алды	15.02.2024 ж	10-00
52					
53					
54					
55					
56					
57					
58					
59					
60					
61	Ә.Жынысбаев	Достық көшесі мен Ү.Тастанов -2 көшесінің қиылысындағы «Жыңғылбай» дүкенінің алды	Достық көшесі мен Ү.Тастанов -2 көшесінің қиылысындағы «Жыңғылбай» дүкенінің алды	15.02.2024 ж	12-00
62					
63					
64					
65					
66					
67					
68					
69					
70					
71	Т.Тоқбергенов	Т.Тоқбергенов	Т.Тоқбергенов көшесінің аяғындағы алаңқай	15.02.2024 ж	15-00
72					
73					
74					
75					
76					
77					
78					
79					
80					
81	А.Асқанбеков	А.Асқанбеков	А.Асқанбеков көшесінің бойындағы ескі мектеп ғимаратының алды	15.02.2024 ж	17-00
82					
83					
84					
85					
86					
87					
88					
89					
90					



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ  
РЕФОРМАЛАР АГЕНТТІГІ ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БҮРОСЫ

Пайдаланушылар және респонденттермен әрдайым кері байланысты қолдау мақсатында Бюроның Фронт-офисі құрылды және келесі арналарды пайдаланады:

- **1446 Бірыңғай байланыс орталығы, соның ішінде «Бір терезе» қызметі**
- **www.stat.gov.kz Интернет-ресурсының Онлайн-кеңесшісі**
- **Telegram-bot @statgovkz\_bot**

## Сексеуілді сақтайық!

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі–ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті сексеуіл қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз. Сексеуіл алқабын сақтап, баптау бәрімізге ортақ жұмыс. Сексеуілді сақтайық!

**Алмат МЕЙІРБЕКҰЛЫ,**  
**Созақ орман және жануарлар элементін қорғау мекемесінің орман шебері.**

Созақ ауданы әкімі, аудандық мәслихат төрағасы, Аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері жерлес қаламгер, «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, журналист Жолдыбай Базаровқа анасы

### Ділдаштың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Созақ үні газеті» редакциясының ұжымы жерлес қаламгер, «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, журналист Жолдыбай Базаровқа анасы

### Ділдаштың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарақұр ауыл әкімі аппараты «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, журналист Жолдыбай Базаровқа анасы

### Ділдаштың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Хабарландыру

«Уранэнерго» ЖШС-гі Таукент филиалы ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес 2024 жылғы 5 наурыз айында сағ.12.00 де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, №45 А үй, әкімшілік ғимаратының, акт залында Түркістан облысы, Таукент ауылы, Созақ ауданы, «Уранэнерго» ЖШС-гі Таукент филиалы үшін ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділерінің (ҚҚС) нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында esportal.kz, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Eсо Portal.қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTknNRUT09>

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады. Тапсырыс беруші «Уранэнерго» ЖШС-гі Таукент филиалы, doni\_kz\_12@mail.ru. сым.: 87782370048 БСН 191241010207. Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «Техноинтеграл», gulfnaz\_91@mail.ru. БСН 1612400007147 сым.87781524535

## Объявления

Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго», в соответствии с требованиями ст. 57-2 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12.00 час 5 марта 2024 года по адресу Туркестанская область, Созакский район, Таукент кенті №45 дом, здания акимата, актов зал состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов-допустимых сбросов (НДС) загрязняющих веществ для Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго» Сузакский район, п.Таукент, Туркестанская область.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTknNRUT09>

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго», d моб.87782370048 БИН 191241010207. Проектная организация ТОО «Техноинтеграл», gulfnaz\_91@mail.ru. БИН 1612400007147 моб.87781524535

Тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын таяқшалардың тез көбеюіне өте

процедураның орындалмауы, тағам арқылы ауру таяқшалары және вирустарымен жұқтыруға ықпал етеді. Егер тез бұзылатын тағам өнімдері дүкендерде термометрмен жабықталған тоңазытқыштың сөрелерінде сақталса, онда оның сақталуының нормалық температураға сәйкес келуіне

тағамдарды қоюмен қатар, пайдалы дәрумендері бар тағамдарды да қойғыңыз келеді. Сол үшін, көбі осы мерзімде, тасымалданатын дәрумендері бар жеміс-көкөнісі өнімдерін таңдайды. Алайда, тағамды тасымалдау және сақтау кезінде, оның сыртқы түр сапасының сақталуын қам-

## Тағамнан уланудың алдын алу

ыңғайлы орта болып табылады. Осындай тағамдардың, әсіресе, майонезбен әрленген салаттардың тоңазытқышта сақталуы 24 сағаттан аспауы тиіс. Егер салаттар әрленбеген болса, оның тоңазытқышта сақталуын 2 тәулікке дейін ұзартуға болады. Алайда, бұл ет, шұжық, жұмыртқа қосылған күрделі салаттарға қатысты емес, күрделі салаттарды әрленбеген күннің өзінде, тоңазытқышта сақталуын бір күннен асырмаған дұрыс. Тамақтан уланудың алдын алу үшін тағамды дайындау және сақтау барысында бірқатар ережелерді сақтау қажет. Егер тағам ет өнімдері мен фарштан жасалса, аталған өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу қажет. Котлет пен еттен дайындалған рулеттерді дайындау барысында технологиялық өңдеудің талабына сәйкес, қажетті деңгейде қыздырып, пісіру қажет, керісінше, бұл

назар аударған жөн. Дүкендерден майонез және қаймақпен әрленген, өлшеніп сатылатын салаттар жиі сатылып алынады. Мамандар аталған тағамдарды сатып алудан бас тартудың екі себебі бойынша кеңес береді. Біріншісі, супермаркеттерде аталған күрделі тағамдарды дайындауда құрамында сақталу мерзімі аяқталуға жақын, не өтіп кеткен өнімдердің қолданылуы мүмкін және де салат құрамы ингредиентінің қаншалықты қауіпсіз екендігін тексеру мүмкін емес. Екіншіден, мұндай салаттар қауіпсіз сақталу мерзімі уақытына сәйкес емес және ұзақ сақталуына байланысты, ауру тудыратын таяқшалардың кешені болып табылады. Сондықтан, тамақ дайындауға көбірек уақыт бөле отырып, өз жанұяңызды денсаулығы үшін, балғын және қауіпсіз тағамдармен қамтамасыз еткеніңіз жөн. Мейрамдық дастарханға тәтті

тамасыз ету үшін, әдейі заттармен өңделетін ұмытпаған жөн. Сондықтан, сатылып алынған көкөніс-жемістерді, жүзімдерді мұқият жуып, қолданған жөн. Мамандар шетелден шығарылған алмаларды жуып қана емес, қабығын тазалауды кеңес береді, өйткені қабығындағы зиянды заттар тағамнан улануды болдырмаса да, аллергиялық реакцияға әкелуі әбден мүмкін. Егер тәулік бойы жалпы аурушаңдық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамай құсу және іш өту белгілері күшейіп, жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқыну жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

## Орманды өрттен қорғайық!

Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз қалаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жанады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірісіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыздық, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар өбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайын-

далған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

**Жасулан ТАҒАТОВ,**  
**Созақ орман және жануарлар элементін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.**



# Әлемнің сұлулары анама татымайды

Ана деген сөзді есту, оны іштей қайталау, сыртқа шығарып айту ең керемет сезім ұшқыны. Өйткені сол тіршілік иесінің арқасында сіз өмірге келдіңіз. Әлемдегі ең сұлу, ең керемет атау, үш қана әріптен тұратын ана. Ана үйдің берекесі, ана үйдің сән-салтанатын келтіре алатын жалғыз бірден-бір адам.

Ана дегеніміз кім? Ана дегеніміз-сені тоғыз ай, ауыр азаптармен көтеріп, саған дүние есігін ашып берген жалғыз адам. Ана онымен ғана қоймай сені бағып өсіріп, сен өскен кезде де, сені уайымдап отыратын, ер жеткенде жаны ашып барын беріп отыратын бірден-бір ұлы тұлға. Ананың алақаны біз үшін жылы ұя, қорғаушы күш, жанындағы ең серік, ең адал дос. Дүниедегі ең керемет сезімді бастан кешіретін, жанына, жүрегіне сезіндіретін, жүрегіңізді жартысы болатын тұлға.

Ана дегеніміз-өміріңіздің жартысы бола алатын, сезімнің толқынын ұстастыра алатын сен үшін өмірін бере алатын сезім күші. Біз анамыздың бір бөлшегіміз. Өйткені ана деген біздің қуанғанымызды, ренжігенімізді сезіп отыратын бір жан.

Қазіргі қоғамдағы аналар қандай? Әрине бәріне топырақ шашуға болмайды, өйткені ана деген ұғым, ана деген сөздің өзі үлкен мағына. Сол үшін барша аналарға күйе жаға алмаймыз. Ана деген сөздің өзі біршама ой толқынына жібере алатын асыл қасиетке ие адам. Бірақ қазіргі қоғамда адам көбейген сайын адамдарға да әсер еткеннен бе? Білмеймін, ана деген сөздің өзіне, лайықты емес адамзат баласы өкінішке орай, біздің қоғамда өмір сүріп келетіні рас. Баласын көтеріп, дәрі ішіп немесе алдырып тастайтын, күніне қаншама адам бар. Ол кішкентай нәрестені тоғыз ай көтеріп, ішіміркіптен қоқысқа тастай салатын, балалар үйіне өткізе салатын қаншама адам деуге келмес әрине адам қатарында бар жандар бар мына біздің қоғамда. Ана деген қасиетіне де маңына да сәйкес келмейтін адамдардың болғаны не деген өкінішті жағдай десеңші. Бірақ бұл қоғам дертіне, жас аналар балаларын тастап кетуіне, ана деуге келмес әрине, адамзат қатарында бар адам ғана кінәлі емес, қатігез әке, деуге де кел-

мес, ойнақтап жүрген, жауапкершілікті мойнына ала алмайтын, майдаланып кеткен ер адамдар кінәлі. Қоғам дерті, қазіргі таңда өршіп тұрған жағдайы бар неге? Өйткені оған тоқтау салатын өкінішке орай ешқандай кедергі болмай тұрғанының айқын бір дәлелі деуге келеді.

Ана не деген әсем, дүниедегі ең асыл жан еді шіркін. Қоғам емес, қоғамдағы көкек аналар емес бізді өмірге әкелген асыл анамызды қалайша аяла-масқа. Тоғыз ай тоғыз күн қиналып, дүниеге әкелген, түн ұйқысын төрт бөліп қараған, балам-балам деп өмірінің соңына дейін, сен үшін жанын беретін адамға сен қалайша дауыс көтеріп сөйлей аласың? Ер жеткенше сені асырап бағып, сені тоңып қалмады ма? Дем уайымдап ас іше алмай, ұйықтай алмай жүрген адамды сен қалайша ренжіте аласың? Сен үшін өмірін арнаған адамды сен зекімек түгілі, қабағыңды шытуға тиіс емессің.

Ана деген ұғымның өзі не деген керемет сезім десеңші. Ана сезімдерді ұштастыратын, жүрегіңе жылылық сыйлай алатын нағыз ерекше тұлға. Сезім деген ұғымның өзі ана деген сөзден шыққан секілді болып көрінеді. Сезім толқындары бірігіп, елге, жерге, отанға, жан-жарыңа деген сөздің өзі ана деген сөзден бастау алғаны айқын. Ана әр адам үшін, ана деген сөздің өзі, естігенде жаймашуақ жылылық сыйлар қозғаушы күш. Әрбір адам үшін ерекше тұлға, бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетер, ұлы кіршіксіз адамды қалайша басына көтермеске. Сен мейлің басшы бол, сен мейлің жұмысшы бол, көп адамның ойы соған қарай өзгерсе де, бір ғана жанның ойы баяғы бәз қалпынша болады, ол кім? Әрине біздің аяулы анамыз. Сезімнің соңында мына кішкентай ғана шумақтармен аяқтағым келіп отыр...

Ана, ана жүрегі көң дара, Өмірдегі ең жақыным бір өзің ғана.

Әлемнің сұлулары татымайды анамың күліп тұрған бейнесіне. Әрқашан өмірдегі бір ғана анамызды ренжітпей, уайымдатпай қадірлейік ағайын....

**Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,**  
газеттің штаттан тыс тілшісі.

Халқымызда «Қызға, қырық үйден тиым...» деген ұлағатты ұғым бар. Сол үрдіспен біздің ана, әжелеріміз әдеп қағидасын бұзбай бүгінгі күнге жетті. Таяуда осы үрдісті тәлімді өнеге санаған Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде «Қызға қырық үйден тиым» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары үшін ардақты, асыл әжелерінің қатысуымен әжелер кеңесі болды.



## Ұлағатты шара



Шараға аталмыш мектептің мектеп психологы Торғаева Гүлфарида, ұстаз Оралбек Манар, кітапханашы Мыңжа-

сарова Элиха апайларымыз бен зейнеткер Абдрахманова Сәуле және аудандық әжелер алқасының төрайы-

мы Қайыржанов Маруа әжелеріміз қатысып ора-лымды ой қозғады. Қыздар арасындағы тәртіп, олардың болашағы, жеке бас гигиен-сы, достық, сыйластық, от-басындағы тәрбие, қоғам-дық ортадағы әдептілік қағидалар әңгіме арқауына айналды. Оқушылар да өздерінің көкейлерінде жүр-ген сауалдарын ортаға са-лып, жас үлкен кісілерден тағылымды әсер алды.

**А.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

## «Мен оқыған бір кітап» жобасы

Ж у р д а «Абай» атындағы жалпы білім беретін мектепте «Оқуға құштар мектеп», «Мен оқыған бір кітап», «READx» жобасы аясында орыс және ағылшын тілі пәндері бойынша апталық өтті. Апталық барысында ағылшын тілі мұғалімі Сұлтан Ақжан мен мектеп кітапханашысы Рысдаулетова Жанардың бірлесе отырып ұйымдастыруымен «Мен оқыған бір кітап» жобасы өткізілді. «READx» жобасы – 21 ғасырда үлкен сұранысқа ие кітап сүйер қауымның сүйікті жобасы. «READx» - озық оқырманды анықтау және тамаша шығарманы оқуға кеңес беруге арналған алаң. «READx» – бұл оқырмандарды шабыттандыру алаңы, мұнда жасы мен беделіне қарамастан қатысушылар өз ой толғаулары мен жиған-тергендерін ортаға салады.

Аталған шарада спикерлердің айтқан ойларын жүйелеп, саралайтын әділ-қазылар алқасы Тасты ауылдық кітапханашысы кітапханашысы Даулетбахова Индира, ағылшын тілі пәні мұғалімі Майғазиева Шолпан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мамшета Ақмарал болды. Жиынға қатысушы спикерлер мектептің ұлағатты ұстаздары Жұмбабаева Ақжайна- М.Әуезов «Қорғансыздың күні», Мамыр Ұлбосын - Артур Конан Дойл «Шерлок Холмстың басынан кешкендері», Даулетбакова Набира- Л.Толстой

«Много ли человеку земли нужно?», Жапанова Бақыткүл - Шон Кови «Жасампаз жасөспірімдердің 7 дағдысы», Ерманова Ұлбосын - Д.Исабеков «Гауһартас», Джамалова Ақбөпе - Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз», Мәлік Маржан - Әкім Тарази «Қорқау жылдыз», Тұрбек Закира - Мейірхан Қуанышбаев «Жолайырық», Аңшыбаева Әлия -Санжар Керімбай Бейсенбай және болмыс».

Спикерлер төмендегі талаптар бойынша 5-7 минут аралығында оқыған кітаптарын таныстырып өтті: Кітаптың қысқаша мазмұны; Кітаптың қоғамға берер идеясы; Заманауи тәсілдермен салыстырмалы түрде мысалдар келтіру; Автор идеясының ұнаған/ұнамаған тұстары; Жарнамалық түрде аталған кітапты оқуға шақыру. Жоба соңында қатысушылар түрлі номинациялармен марапатталды.

**Ж.РЫСДАУЛЕТОВА,**  
«Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп кітапханашысы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директордың уақытша міндетін атқарушы:**

Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы

**Бас редактор:**  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

**Редакция құрамы:**  
Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терімші-  
Багила АЯЗБАЕВА  
Фототілші-  
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.